



БҰЙРЫҚ
Қарағанды қаласы

01.10.2025 № 90-ҰК

ПРИКАЗ
город Караганды

«Qarmet» акционерлі қоғамының «Энергоуголь» КД-іне магистралдық құбырлар арқылы суды беру қызметіне тарифтер және тарифтік сметаларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 8-бабының 12) тармақшасына, 22-бабының 1 тармағының 1), 3) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген, Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 601 тармағының 1), 3) тармақшасына, 607 тармағына сәйкес, сондай-ақ, «Qarmet» акционерлі қоғамының есептік құжаттарымен бірге ұсынылған өтінімдерін, тарифтер және тарифтік сметалар жобасына белгіленген тәртіпте жүргізілген талдау негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Qarmet» акционерлі қоғамына **2026 жылғы 1 қаңтардан** бастап қолданысқа енгізе отырып, магистралдық құбырлар арқылы суды беру қызметіне келесі тарифтер бекітілсін:

- Қарағанды бөлімшесіне м³ үшін ҚҚС-сыз 95,93 теңге мөлшерінде;
- Абай бөлімшесіне м³ үшін ҚҚС-сыз 75,87 теңге мөлшерінде;
- Саран бөлімшесіне м³ үшін ҚҚС-сыз 75,37 теңге мөлшерінде;
- Шахтинск бөлімшесіне м³ үшін ҚҚС-сыз 75,47 теңге мөлшерінде.

2. «Qarmet» акционерлі қоғамына, осы бұйрықтың қосымшаларына сәйкес тарифтік сметалар бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің заңнаманың сақталуын бақылау, талап арыз және ұйымдастыру жұмыс бөліміне (А. Кызылов) осы бұйрықты «Qarmet» акционерлі қоғамының назарына жеткізсін.

4. «Qarmet» акционерлі қоғамы бекітілген тариф жөніндегі ақпаратты заңнамамен белгіленген мерзімде тұтынушылар назарына жеткізсін.

5. «Qarmet» акционерлі қоғамы тұтынушыларға хабарланған жөніндегі ақпаратты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне жеткізсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қарағанды

облысы бойынша департамент басшысының орынбасары Қ. Мустапинге жүктелсін.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы



Қ. Бейсенов